ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ БЕЛКӨЛ КЕНТІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫНЫҢ» «БАЛАПАН» БӨБЕКЖАЙ БАЛАБАҚШАСЫ КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ ЯСЛИ-САД «БАЛАПАН» КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «АППАРАТА АКИМА ПОСЕЛКА БЕЛКУЛЬ ГОРОДА КЫЗЫЛОРДЫ» АКИМАТА ГОРОДА КЫЗЫЛОРДА

120007.Қызылорда облысы, Белкөл кенті, ықшам ауданы, 13. Тел:8(7242) 26-82-60, e-mail: balapanb2014@mail.ru

120007, Кызылординская область, поселок Белкуль, Жаңа микрорайон Новый, 13. Тел.: 8(7242) 26-82-60, e-mail: balapanb2014@mail.ru

Шығыс/Исх. № 34
«16» 04 2026 ж/г

ЖК «Жас-Наз»
басшысына

«Балапан» бөбекжай балабақшасы КМҚК, Сіздің азық-түлік өнімдерін сатып алу конкурсының қорытынды хаттамасына 2026 жылдың 13 сәуірінде тіркеген 287212 санды шағымыңыз бойынша төмендегіні жеткіземіз:

1. «Тлеулиева» ЖК бойынша артықшылықтарға жол берілмегенін хабарлаймыз. №598 бұйрықтың 8-қосымшасында «Тауарларды жеткізушіні таңдау өлшемшарттарындағы» ескертпеде **«1-тармақ бойынша конкурс өткізілетін тиісті аймақта ағымдағы жылдың өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесінің болуы тауарларды жеткізу кезеңі, осы шарттарды орындаудың әрбір айы үшін тауарларды қабылдау-тапсыру актілері көрсетіле отырып, бұрын жасалған шарттардың көшірмелерімен расталады»** делінген. Жоғарыда аталған ескертпеге сәйкес ұсынылған құжаттарға тиісті баға берілді және баллдары есептелді. «Тлеулиева» ЖК ұсынған құжаттар бойынша жұмыс тәжірибесі төмендегідей есептелген:

2019 жыл – 12 ай
2020 жыл – 12 ай
2021 жыл – 3 ай
2022 жыл – 0 ай
2023 жыл – 9 ай
2024 жыл – 12 ай
2025 жыл – 12 ай
Жалпы 60 ай, 5 балл.

2. Конкурс хаттамасының кеш шығу себебін, Қалалық білім бөлімі тарапынан қатысқан комиссия мүшелері Нуржанова Нургул Акилбековна мен Палманова Эльвира Сабыровнаның конкурсқа қатысушылардың тапсырған құжаттарын ұзақ, әрі өте тиянақты қарау және зерделеу жұмыстарына байланысты созылғанын, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу порталында қол кою уақытының

көрініп тұрғанын жеткіземіз. Шағымдағы бұл талабыңыз бойынша Қалалық білім бөлімі тарапынан қатысқан комиссия мүшелерінен анықтама сұратуыңызға болатынын хабарлаймыз.

Меңгеруші **Г.Т. Алтынбекова**